

## "ҚАЗСАЭФ" Халықаралық экологиялық қорын құру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1994 жылғы 14 қаңтар N 66а. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1994.08.03. N 872 қаулысымен.

Қазақстанда кербез дуадақ пен сұңқар ителгінің саны мен өсіп-өрбуін сақтап калудың аса қажет екенін ескере отырып және Сауд Аравиясынан шахзада Мохамед Бин Мохамед Бандер Бин Мохамед Бин Абдул Рахман Әл-Саудтың ұсынысын қабылдай келіп Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстанда кербез дуадақ пен сұңқар ителгіні сақтау және олардың өсіп-өрбу ұлғайту көнінде "ҚАЗСАЭФ" Халықаралық экологиялық қоры құрылсын.

2. "ҚазСАЭФ" Халықаралық экологиялық қоры бюджеттен тыс шаруашылық есептегі ұйым, заңды тұлға болып табылады, оның дербес балансы болады, ол Қазақстан Республикасы заңдарының және өзінің Жарғысының негізінде қызмет атқарады.

3. Қазақстан Республикасы торапынан қорға қатысушы болып Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі белгіленсін.

4. Қорға өзінің қаражаты есебінен:

- қорға бекітіліп берілген аумақта күзетілетін қоршаулар салуды;
- Қазақстанда кербез дуадақ пен сұңқар ителгінің көбеюі үшін табиғат қорғау ғимараттарын салуды;
- кербез дуадақ пен сұңқар ителгіні қорғау жөнінде ведомстволық инспекция жүзеге асыру құқығы берілсін.

5. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, мемлекеттік комитеттері мен концерндері, жергілікті әкімдері қорғаудың қалыптасуы мен дамуы, сондай-ақ жабайы жануарларды қорғауды және аңшылық шаруашылығын ұйымдастыруы үшін аумақтар бөлінуіне жан-жақты жәрдем көрсететін болсын.

6. Сауд Аравиясынан шахзада Мохамед Бин Бандер Бин Мохамед Бин Абдул Рахман Әл-Саудтың Қазақстан Республикасында жабайы жануарлардың қорғалуына қосқан үлесін ескеріп, ерекшелік ретінде оған Ұлттық ғылым академиясының ұсынысы және Экобиоресурсминінің келісімі бойынша жыл сайын сұңқар ителгі салып, кербез дуадақ аулауына; белленген лимиттер шегінде

сұңқар ителгі аулап, бажсыз әкетуіне рұқсат етілсін.

7. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі шарттық негізде қордың өтінімі бойынша қажетті техникалық құралдардың және телефон, телекс пен телефакс байланысы арналарының бөлінуін, радиобайланысының жұмыс жиілігін қамтамасыз етсін.

8. "ҚАЗСАЭФ" Халықаралық экологиялық қоры туралы қоса берілген ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-министрінің  
орынбасары

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы "14" қаңтар  
N 66 а қаулысымен  
бекітілген

"ҚАЗСАЭФ" Халықаралық экологиялық қорының  
ЕРЕЖЕСІ

"ҚАЗСАЭФ" Халықаралық экологиялық қоры /бұдан әрі Қор деп

аталады/ Қазақстанда кербез дуадақ пен сұңқар ителгінің саны мен өсіп-өрбуін сақтау мақсатында құрылады.

1. Қордың қатысушылары:

а/ Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан-Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі, бұдан әрі

"Қазақстандық қатысушы" деп аталады және Сауд Аравиясынан-Шахзада Мохамед Бин Бандер Бин Мохамед Бин Абдул Рахман Әл-Сауд, бұдан әрі "Шетелдік қатысушы" деп аталады.

Қордың атауы

- ағылшын тілінде - "KAZSAEF"

- орыс тілінде - "КАЗСАЭФ"

Қордың мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 480091, Панфилов көшесі, 106-үй, тел 63-12-73.

2. Қордың мақсаты мен міндеті:

- Қазақстанда кербез дуадақ (*chlamydotis undulata*) пен сұңқар ителгіні /Farco cherrug/ сақтау мен олардың өсіп-өрбу санын көбейтуге бағытталған табиғатты қорғау қызметі;

- экологиялық тепе-тендікті қалпына келтіру, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және кербез дуадақ пен сұңқар ителгінің тіршілік ететін ортасын қорғау жөніндегі бірлескен іргелі және қолданбалы зерттеулерді, ғылыми-техникалық талдамаларды қаржыландыру;

- экологиялық тепе-тендікті қалпына келтіру мақсатындағы қайырымдылық қызмет болып табылады.

Осы ережеде аталған кез-келген қызмет түрі тараптардың өзара келісімі бойынша жүзеге асырылады.

3. Қордың қызмет ету мерзімі оның құрылған кезінен басталады да 10 жылға созылады.

4. Қор Қазақстан Республикасының заңдары бойынша заңды тұлға болып табылады.

Қор өз қызметін осы Ережеге және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

Қор өзінің міндеттемесі бойынша иелігіндегі барлық мүлкімен жауап береді. Қатысушылар Қордың міндеттемесі бойынша өз үлесінің шегінде ғана жауап береді. Қатысушылардың міндеттемелері бойынша Қор жауап бермейді. Қазақстан Республикасы Қор міндеттемесі бойынша жауап бермейді, ал Қор Қазақстан Республикасының міндеттемесі бойынша жауап бермейді.

Қордың өз атынан шарттар жасасуға, мүлктік және мүлктік емес жеке құқық алуға, сотта, аралық сот пен төрелікте талапкер әрі жауапкер болуға құқы бар.

Қордың дербес балансы болады. Қордың сондай-ақ мөрі, фирмалық белгісі мен фирмалық бланкісі болады.

Қор Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өз мүлкін иеленуді,

пайдалануды және иелік етуді жүзеге асырады. Оның мүлкі әкімшілік тәртібімен алынуға немесе тәртіленуге тиіс емес.

#### 5. Тараптардың келісімімен қатысушылар өздерінің үлестерін

ақша қаражаты, мүлік пен құқық түрінде қосады; ол құқықтар:

а/ Қазақстан Республикасынан/ Министрлер Кабинетінің тапсыруы бойынша - Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі/:

- жер пайдаланушы құқы;
- жануарлар дүниесіне /кербез дуадақ пен сұңқар ителгі/ иелік ету құқы;
- бекітіліп берілген аумақтарда аң аулау шаруашылығын жүргізу құқы;
- сұңқар ителгі мен кербез дуадақты қолдан өсіру және жерсіндіру жөніндегі "ноу-хау"
- өндірістік жайлар мен қенсе жайын беру.

б/ Шетелдік қатысушы - Сауд Аравиясынан Жоғары мәртебелі Шахзада Мохамед Бин Бандер Әл Сауд:

- Қор қызметінің бүкіл мерзіміне инвестицияланатын қаражаттың жалпы сомасы 2 млн. АҚШ доллары мөлшерінде, бастапқы жарнасы 500 мың АҚШ доллары болады.

Қор мүлкін қатысушылардың қосымша үлестері есебінен толықтыруға болады. Үлестердің есебіне /қосымша үлестерді қосқанда/ үйлерді, ғимараттарды, жабдықтар мен басқа да материалдық құндылықтарды, сондай-ақ өзге де мүліктік құқықтарды /соның ішінде өнертабысты, лицензияларды, "ноу-хауды" және т.б. пайдалануды/, еркін айналыстағы валюта мен теңгедей ақша қаражатын қосуға болады.

Қатысушылардың қор мүлкі құрамына енетін жекелеген объектілерге, соның ішінде қатысушылар үлес ретінде қосқан объектілерге оқшауланған құқықтары болмайды. Шетелдік қатысушы жабдықтарға, материалдарға және Қазақстанға қор мүлкіне үлес есебінде әкелінген өзге де мүлкіне баж салығын төлеуден босатылады.

#### 6. Қордың басқару органдары:

- президенттік кеңес
- кеңесші орган
- дирекция
- тексеру комиссиясы болып табылады.

Қорды басқарудың жоғары органы екі мүшеден тұратын президенттік кеңес болып табылады;

- Сауд Аравиясынан Жоғары мәртебелі Шахзада Мохамед Бин Бандер Әл Сауд Қордың шетел жағынан президенті болып табылады,;
- Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрі Қазақстан жағынан Қордың Президенті болып табылады, осы кезде оның құқығы Святослав Александрович Медведев мырзаға жүктеледі.

Президенттік кеңестің мәжілістері қажетіне қарай өткізіледі.

Мәжіліске қатысуға мүмкіндік болмай қалған жағдайда президенттік кеңестің мүшесі өз өкілдігін дер кезінде қамтамасыз етуге тиіс. Өкілдік қолхатпен жазбаша түрде расталуы керек.

Президенттік кеңестің мәжілісіне кеңесші дауыс құқығымен кеңесші органның мүшелері қатысады.

Президенттік кеңестің мәжілістері Қордың заңды мекен-жайында не қатысушылардың бірінде немесе президенттік кеңес белгілеген жерде немесе қатысушылардың бірінің мекенжайында өткізіледі.

Президенттік кеңестің хаттамалары орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі және оларға президенттік кеңестің қатысушы барлық мүшелері немесе олардың орнындағы адамдар қол қояды.

Президенттік кеңестің мүшелері өздерінің міндеттерін атқарғаны

үшін Қордан ақы алмайды, бұған жүріп-тұруға байланысты жұмсалатын шығындар және басқа да шығындар кірмейді, бұларға растайтын құжаттар түсірілуге тиіс.

Президенттік кеңестің құзырына:

- Ережеге өзгерістер енгізу;
- жарналарды төлеудің тәртібі мен мерзімдерін белгілеу, оның мөлшерін өзгерту;
- шаруашылық қызметінің жоспары мен Қордың келесі жылға арналған бюджетінің жобасын бекіту;
- объектілерді салу, пайдалану туралы контрактілер жасасу;

- балансты, дирекцияның жылдық есебін жыл сайын бекіту;
- тексеру жүргізу туралы есепті бекіту;
- филиалдар мен өкілдіктерді ашу және жабу;
- Қорды тарату және тарату комиссиясын тағайындау;
- штат кенестін бекіту және өзгерту;
- Қордың іс қағаздарын жүргізу;
- дирекция мен тексеру комиссиясының құзыретін айқындау;
- Қордың лауазымды адамдарын тағайындау және босату мәселелерін шешу жатады.

Президенттік кеңестің мүшелері өз құзыреті шегінде, Тәуелсіз Мемлекеттір Достастығындағы, сонымен қатар басқа елдердегі барлық ұйымдармен, кәсіпорындармен және шет ел фирмаларымен қатынаста Қордың атынан өкілдік етуге, Қордың меншігін иеленуге, шарттар, сондай-ақ Қордың қызметін қамтамасыз ету үшін басқа да қажетті заң

актілерін жасасуға құқылы.

Кеңесші органның мүшелерін тағайындау мен оның құзыретін белгілеу.

Кеңесші органның құрамына:

- кеңесші органның төрағасы - Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппараты Халықаралық бөлімінің менгерушісі Ғани Есенгелдіұлы Қасымов;

- президенттердің өкілдері;
- орман шаруашылығы комитетінің төрағасы;
- Қазжануарқорғау бас басқармасының бастығы;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының өкілі;
- дирекция мүшелері;

- Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің өкілі-Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка бөлімінің менгерушісі Бағдат Құлтайұлы Әміре енеді.

Президенттік кеңес дирекцияның қызметін бақылауға тиіс.

Президенттік кеңес дирекциядан ауызша немесе жазбаша есепті жүйелі түрде талап ете алады, сондай-ақ дербес немесе тағайындалған адамдар арқылы

Қордың кітаптары мен құжаттарына тексеру жүргізеді.

Қорға ағымдағы басшылықты дирекция жүзеге асырады. Оның құрамына бас директор, оның орынбасарлары мен дирекция мүшелері кіреді.

Дирекция осы Ережеде және президенттік кеңестің шешімдерінде айқындалатын құзырлары мен құқықтары шеңберінде Қордың ілкімді қызметіне басшылықты жүзеге асырады.

Дирекция қаржы жылы аяқталғаннан кейін бір ай ішінде президенттік кеңеске Қордың жылдық балансын, жылдық есебін және Қордың бұдан былайғы қызметінің бағыты туралы өз ұсынысын табыс етуге міндетті.

Қор мен оның филиалдарының қаржы мен шаруашылық қызметіне бақылауды тексеру комиссиясы жүзеге асырады. Ол 4 адамнан тұрады, оның 2-ін қазақстандық қатысушы, ал 2-ін шетелдік қатысушы тағайындайды.

Тексеру комиссиясының мүшелерін өкілеттігінің мерзімі бітпей тұрып оларды тағайындаған қатысушылар кері шақырып ала алады.

Тексеру комиссиясының шешімі бірауыздан қабылданады.

Тексеру комиссиясы мүшелерінің өкілдік мерзімін президенттік кеңес белгілейді.

Тексеру комиссиясының әрбір мүшесінің Қордың басшы органдарына немесе оған қатысушыларға комиссия ортақ пікірге келе алмаған мәселелер бойынша дербес баяндама жазып беруге құқы бар.

Тексеру комиссиясы Қордың барлық қаржы құжаттамаларын тексеру құқығын пайдаланады.

Тексеру комиссиясы өз жұмысы туралы есепті Қордың президенттік кеңесіне беріп тұрады.

7. Қордың Қаржы жылы күнтізбелік жылға сәйкес келеді. Алғашқы толық қаржы жылы 1994 жылға " " \_\_\_\_\_ басталады.

Қор Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ілкімді бухгалтерлік және статистикалық есеп жүргізеді және есеп беріп отырады.

Бас директор мен бас бухгалтер есеп пен есеп беру тәртібі мен дұрыстығы сақталуы үшін жауап береді.

Шетел валютасымен келіп түскен және жұмсалған қаражатты қайта есептеу осы операцияларды жүргізу сәтіндегі Қазақстан Республикасының банк бағамы бойынша жүзеге асырылады.

8. Әрбір қатысушының:

- Қордың қызметіне байланысты барлық мәселелер жөнінде ақпараттар мен анықтамалар алуға құқы бар. Әрі бұл орайда әрбір қатысушы кез-келген уақытта Қордың кітаптарымен және құжаттамаларымен әрі оның мүліктік құндылықтарымен танысуға, сондай-ақ тексеріс жүргізуге;

- істі төрелікке беруге;

- президенттік кеңестің және Қордың басқа да органдарының қарауына ұсыныстар енгізуге құқылы.

Шетелдік қатысушының:

- ауланған сұңқар ителгілерді тараптардың келісімімен белгіленген

лимиттер бойынша және Қордың қызмет ететін мерзімі ішінде бажсыз әкетуге;

- Қордың шаруашылық қызметінің тиімді жүргізілуіне бақылауды жүзеге асыруға;

- мақсатсыз немесе тиімсіз пайдаланылған жағдайда инвестицияны тоқтатуға;

- белгіленген лимиттерге сәйкес Қордың қызмет ету мерзімі айқындалған кезеңде /10 жыл/, бекітілген аумақта кербез дуадақ аулауға;

- бекітіліп берілген аумақта Қорға қатысушылар айқыпталған мөлшерде сұңқар ителгілер аулауға құқы бар.

Қазақстандық қатысушының:

- құрылтайшылардың табиғатты қорғау заңдарын сақтауына бақылауды жүзеге асыруға;

- ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіруге;

- сұңқар ителгілерді табиғат аясына бос жіберудің тиімділігі туралы ақпаратты бақылау мен жинақтауды жүзеге асыруға құқы бар.

Шетелдік қатысушы;

Қорға қатысушылар келіскен, мөлшерде сұңқарлар мен дуадақтарды есіріп-өрбіту және жерсіндіру жөніндегі инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыруға;

- жұмыс істеп тұрған қорықтар мен қорықшылардың аумағында кербез дуадақтар мен сұңқар ителгілерді алып кетуге жол бермеуге;

- балапан басатын маусымда құстарды ауламау мен ұстамауға /I наурыздан 31 шілдеге дейін, сондай-ақ балапан басатын жерлерінде ителгіні ауламауға/;

- құс қайтатын кезеңде кербез дуадақ пен сұңқар ителгі көп шоғырланған жерлерде, Қазжануарқорғау бас басқармасы мен Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының зоология институтының бақылауымен арнайы бөлінген аумақта олардың әкетілуін шектеп жүргізуге;

- Қазақстан Республикасының аумағына ителгіден, лашыннан /Falco

peregrinus/ және сұңқардан /Faleo gynfalco басқа қыран құстарды әкелмеуге міндетті.

Қазақстандық қатысушы:

- кербез дуадақ пен сұңқар ителгіні қорғау мен өсіріп өрбіту

жөніндегі жұмыстарды оларды аулай отырып жүргізу үшін мынадай нақты учаскелерді:

а/ Атырау облысындағы Қарақұм құмдарынан 12 мың шаршы километрден кем емес жерді;

б/ Сарысу өзенінің сағасынын 12 мың шаршы километрден кем емес жерді;

в/ Қызылқұм құмдарынан /Оңтүстік Қазақстан облысы/ шаршы километрден кем емес жерді;

г/ Семей және Талдықорған облыстарының аумағындағы Алакөлдің жағалауындағы Тарбағатай мен Жоңғар Алатауы жоталарының беткейінен 12 мың шаршы километрден кем емес жерді;

д/ Шығыс Қазақстан облысындағы "Зайсан ойпаңын";

е/ Торайғыр, Үлкен және Кіші Бұғыты мен Сөгеті жоталарын қоса "Сөгеті жазығын";

ж/ жасалған келісімге сәйкес өзге учаскелерден жер бөліп, бекітіп беруге;

- заңда белгіленген тәртіппен аушы құстарды әкету, әкелу, ұстау және дуадақ аулау құқығына құжаттаманы ресімдеуге;

- бекітілген аумақтардың шаруашылықаралық жайластырылуын жүргізуге;

- сұңқар ителгілер мен кербез дуадақтар өсірілетін қорықтар ұйымдастыруға;

- қырандарды жіберу үшін қажетті учаскелерді таңдап беруге;

- осы мақсатқа арнап бөлініп, әзірленген учаскелерде қырандарды жерсіндіруді жүзеге асыруға;

- жоғарыда көрсетілген аумақтарда кербез дуадақ аулау және қырандар ұстау құқығын үшінші тұлғалар басқаларға табыстауына жол бермеуге;

- коммуналдық қызмет /электр энергиясын, сумен, газбен, жылумен, канализациямен жабдықтау/ көрсетуге;

- Қордың жұмысшы құрамының ішіндегі Қордың қызметіне тікелей қатысы бар шет ел азаматтары мен шетелдік қатысушының жанына өріп жүрген адамдар үшін Қазақстанға кедергісіз кіру құқы мен визалық қолдауды қамтамасыз етуге,

олардың Қазақстанда болуы үшін қажет нәрсенің бәрімен қамтамасыз етуге;  
- жоғарыда аталған облыстардың әкімдерімен Қордың қызметіне байланысты мәселелерді келісіп алуға міндетті.

9. Қордың құрамы қазақстандық және шетел мамандарына жасақталады.

Қор қызметкерлерін жұмысқа қабылдау мен босату, оларға еңбекақы төлеу нысандары мен мөлшерін, сондай-ақ материалдық ынталандыру мәселелерін Қордың дирекциясы шешеді.

Еңбекке ақы төлеу мәселелері, демалыс беру, зейнетақымен және өзгедей арнайы қамсыздандыру мен құрамның қызметіне қатысты басқа да мәселелер әрбір азаматпен жасалған шартта /контрактыда/ жеке-жеке шешіледі.

Қазақстанда қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Қор қызметкерлері-шетел азаматтары тұрғын үйлермен қамтамасыз етіліп, олар коммуналдық қызмет пен медициналық көмекті пайдаланады.

10. Жариялауға жатпайтын ақпарат көлемін Қордың президенттік кеңесі белгілейді.

Қатысушылардың әрқайсысы басқа қатысушыдан алынған техникалық, қаржылық және басқа да ақпараттың қатаң құпиялылығын сақтауға міндетті.

Жоғарыда аталған ақпаратты үшінші адамдарға беру, жариялау немесе ақпаратты өзгеше жария ету Қордың президенттік кеңесі белгілеген мерзімде және тәртіппен жүзеге асырылады.

11. Қор мынадай жағдайларда:

- қатысушылардың өзара келісімі бойынша;
- Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда

таратылады.

Қор таратылған жағдайда президенттік кеңес тарату комиссиясын тағайындайды, ол президенттік Кеңестің бекітуіне тарату балансын ұсынады.

Қор таратылған кезде әрбір қатысушы өз үлесін таратылу сәтіндегі қалдық бойынша ақшалай немесе басқа нысанда қайтарып алуға құқылы.

Қор мерзімінен бұрын таратылған жағдайда ол меншік иесіне пайдаланылған ақша қаражатын, сондай-ақ ажыратылған мүлікті, жабдықтар мен көлік құралдарын қайтаруға міндетті.

12. Қатысушылар Қордың қызметін жүзеге асыру барысында туындаған тәжіке мен дауларды келіссөздер жолымен шешуге бар күш-жігерін жұмсайтын болады.

Тәжіке мен даулар екі жақты келіссөздер жолымен шешілмейтін жағдайда, олар Қазақстан Республикасының Төрелік сотында немесе халықаралық сотта қаралуға жатады.

Төрелік сот шешімі екі жақ үшін де түпкілікті шешім болып табылады. Төрелік сот мәжілісі ағылшын тіліне аударыла отырып, орыс тілінде өткізіледі.

### 13. Қордың жұмыс тілдері болып орыс және ағылшын тілдері

саналады. Қор қызметіне байланысты барлық құжаттар орыс және ағылшын тілдерінде, ал қажетті жағдайларда қазақ және араб тілдерінде жасалады.

Осы Ереже Қорға қатысушылардың келісімімен өгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

Ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізу оны қабылдағандай тәртіппен жүзеге асырылады.